

"Окан-Қазинтер" бірлескен қазақстан-түрік кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыздың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1473 Қаулысы

Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау және республикалық бюджетке қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Окан-Қазинтер" бірлескен қазақстан-түрік кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамы тартқан мемлекет кепілдік берген қарызды қайта құрылымдау мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Медетші қор" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) (келісім бойынша) мен "Окан-Қазинтер" бірлескен қазақстан-түрік кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Окан-Қазинтер" БК" ЖАҚ) (келісім бойынша) келісімге (бұдан әрі - келісім) қол қоюын қамтамасыз етсін, онда мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға республикалық бюджеттен жіберілетін қаражатты "Окан-Қазинтер" БК" ЖАҚ-тың қайтару тәртібін, оның ішінде:

2005 жылдан бастап 2019 жылды қоса алғанда, негізгі борыш пен сыйақыны қ а й т а р у д ы ;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыйақы есептеуді, бұл ретте 2004 жылды қоса алғанда есептелген сыйақыны негізгі борышқа капиталдандыруды;

"Окан-Қазинтер" БК" ЖАҚ-тың қаржы-шаруашылық қызметінен түскен таза кірісті тек қана келісімді орындауға жіберуді;

"Окан-Қазинтер" БК" ЖАҚ-тың республикалық бюджет алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында тиісті кепіл келісімін р е с і м д е у д і ;

қарыз алушы - "Окан-Қазинтер" БК" ЖАҚ-тың қаражаты есебінен Қорға агенттік сыйақы төлеуді көздеу қажет.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.Ғ. Дунаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі